



## Қазақстан Республикасының білім беру және мәдениет ұйымдарына есімдер беру және оларды қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 24 шілде N 1000

"Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 P960281\_ қаулысына сәйкес және Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар,

Шығыс Қазақстан облыстары және Алматы, Астана қалалары әкімдерінің ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес білім беру және мәдениет ұйымдарына есімдер берілсін.
2. 2-қосымшаға сәйкес білім ұйымдары қайта аталсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 24 шілдедегі  
N 1000 қаулысына  
1-қосымша

Көрнекті тарихи тұлғалардың, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, ұстаздардың есімдері берілген білім беру және мәдениет ұйымдарының тізбесі

Ақтөбе облысы бойынша

Мәртөк ауданындағы Мәртөк өнер мектебіне - белгілі күйші Қамбар Медетовтің есімі;

## Алматы облысы бойынша

Панфилов ауданы Сарыбел ауылдық округіндегі Тұрпан орта мектебіне - Сатай батырдың есімі;

Панфилов ауданы Талды ауылдық округіндегі Лесновка орта мектебіне - халық әртісі Дәнеш Рақышұлының есімі;

Панфилов ауданы Қоңырөлең ауылдық округіндегі N 35 Ынталы орта мектебіне - халық мұғалімі Стамшал Аманбайұлының есімі;

Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылдық округіндегі Жаңақұрылыс орта мектебіне - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, кинорежиссер Абдолла Қарсақбаевтың есімі;

Жамбыл ауданы Дегерес ауылдық округіндегі Дегерес орта мектебіне - ақын Оспанхан Әубәкіровтың есімі;

Еңбекшіқазақ ауданындағы Қаракемер орта мектебіне Құдайберген Орымбетовтың есімі;

## Атырау облысы бойынша

облыстық әмбебап ғылыми кітапханаға - жазушы Ғабдол Слановтың есімі;

## Қарағанды облысы бойынша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды заң институтына - әділет генерал-майоры, профессор Бәрімбек Бейсеновтың есімі;

## Қостанай облысы бойынша

Қостанай қаласындағы N 20 орта мектепке - халық жазушысы Мариям Хәкімжанованың есімі;

Меңдіқара ауданындағы N 3 Боровской орта мектебіне ақын Ғаббас Жұмабаевтың есімі;

Амангелді ауданы Амангелді ауылындағы N 4 орта мектепке - халық

әртiсi Әнуәр Боранбаевтың есiмi;

Әуликөл ауданындағы Сұлукөл орта мектебiне - Шайсұлтан Шаяхметовтың есiмi;

#### Павлодар облысы бойынша

Баянауыл ауданы Ұзынбұлақ ауылдық округiндегi Ақши орталау мектебiне - академик Жақан Ержановтың есiмi;

Ақсу қаласы Алғабас ауылдық округiндегi Алғабас орта мектебiне - Социалистiк Еңбек Ерi Мәжен Қабылбековтың есiмi;

Ақсу кентiндегi N 3 орта мектепке - ғалым-философ, профессор Қатыршат Шүлембаевтiң есiмi;

#### Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Тарбағатай ауданындағы N 1 Ақсуат орта мектебiне қоғам қайраткерi Кәрiм Нұрбаевтың есiмi;

Ұлан ауданындағы Саратовка орта мектебiне - жауынгер-интернационалист Базылбек Ахметовтың есiмi;

#### Алматы қаласы бойынша

мемлекеттiк концерттiк-гастрольдiк "Қазақконцерт" бiрлестiгiнiң концерттiк залына - халық әртiсi, композитор Мұқан Төлебаевтың есiмi;

Түрксiб ауданындағы N 115 орта мектепке - Қазақстанның еңбек сiңiрген қызметкерi Дүйсен Бабаевтiң есiмi;

#### Астана қаласы бойынша

Сарыарқа ауданындағы N 2 орта мектепке - ақын Ғафу Қайырбековтың есiмi;

Алматы ауданындағы N 16 орта мектепке - ақын Төлеген Айбергеновтың есiмi;

Алматы ауданындағы N 33 орта мектепке - Кеңес Одағының Батыры Нүркен Әбдiровтың есiмi;

Мемлекеттiк филармонияның шектi кuartетiне - Қазақстанның еңбек сiңiрген өнер қайраткерi, композитор Ғазиза Жұбанованың есiмi.

Үкіметінің  
2001 жылғы 24 шілдедегі  
N 1000 қаулысына  
2-қосымша

Қайта атуға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі

Ақтөбе облысы бойынша

Ойыл ауданы Ойыл ауылындағы Н.К.Крупская атындағы орта мектеп -  
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалім Жахия Жүсібалиев атындағы  
орта мектеп;

Алматы облысы бойынша

Панфилов ауданы Жаркент қаласындағы "Қазақстан ЛКЖО-ның 60-жылдығы"  
атындағы орта мектеп - Еңбекші орта мектебі;

Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы Ленин атындағы N 1 орта мектеп -  
Сартай батыр атындағы орта мектеп;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Бәйдібек ауданы Боралдай ауылдық округіндегі Октябрь орта мектебі -  
Домалақ ана атындағы орта мектеп;

Ордабасы ауданы Қарааспан ауылдық округіндегі К. Маркс атындағы орталау  
мектеп - жазушы Ілияс Есенберлин атындағы орталау мектеп;

Түркістан қаласы Шорнақ ауылдық округіндегі Фрунзе атындағы орта  
мектеп - ғалым-лингвист, профессор Тұрсынхан Айтжанов атындағы орта мектеп;

Сайрам ауданы Қызылқыстау ауылдық округіндегі Коммунизм орталау  
мектебі - Қарасай батыр атындағы орталау мектеп;

Сайрам ауданы Қарасу ауылдық округіндегі Чапаев атындағы орта мектеп  
- Ақбай орта мектебі;

Сайрам ауданы Қарасу ауылдық округіндегі "Молодая гвардия" атындағы  
орта мектеп - Сырым Датұлы атындағы орта мектеп;

Сайрам ауданы Манкент ауылдық округіндегі Фаткуллаев атындағы орталау  
мектеп - мемлекет қайраткері Шараф Рашидов атындағы орталау мектеп;

Сайрам ауданы Қызылқыстақ ауылдық округіндегі "Ленинизм" атындағы  
N 63 өзбек орта мектебі - Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп;

Павлодар облысы бойынша

Павлодар ауданы Романовка ауылындағы Романовка орта мектебі - Маралды  
орта мектебі;

Ақсу қаласындағы Путь Ильича орта мектебі - Еңбек орта мектебі;

Ақсу қаласындағы Дружба орта мектебі - Достық орта мектебі;

Ақсу қаласындағы В. Куйбышев атындағы орта мектеп - Ақжол орта  
мектебі;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округіндегі М.И.Калинин атындағы  
орта мектеп - Сасан би атындағы орта мектеп.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.